



2017 ЖЫЛҒЫ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІН ҚАДАҒАЛАУ (ОВЕРСАЙТ) ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

АЛМАТЫ, 2018 ЖЫЛ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



Құрманов Жанат Бостанұлы
Төрағаның орынбасары

Төлем нарығы елдің қаржы жүйесінің негізгі сегменттерінің бірі болып табылады. Барлық операциялар және мәмілелер ақша ағындарына қарай өзгереді. Сол себепті төлем сервистерінде барынша тиімді және инновациялық шешімдер көрініс табуға тиіс. Қазақстанның банкаралық төлем жүйелері көп жылдар бойы қаржы секторының қауіпсіз есеп айырысу тетіктеріне қажеттілікті қамтамасыз ету қабілетін көрсетіп келеді. Клиенттер үшін цифрлық шешімдерді қолдануға негізделген төлем сервистері белсенді түрде дамуда.

Соңғы жылдары біз интернетті және төлемдер жүргізуге арналған мобильдік шешімдерді қолдануға қатысты зор қызығушылықты байқаймыз. 2017 жылы халықтың банктердің көрсетілген сервистері арқылы төлемдерінің көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғайды.

Ұсынылған материал Қазақстанның 2017 жылғы көрсетілетін төлем қызметтері нарығын дамыту туралы негізгі дерек алуға мүмкіндік береді деп сенеміз.



Ашықбеков Ерлан Тасқынбекұлы
Төлем жүйелері департаментінің директоры

Қазақстанның Ұлттық Банкі төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем жүйелері нарығын дамыту нәтижелеріне арналған материалды жыл сайын жариялайды.

Бұл жарияланым Қазақстанның 2017 жылғы көрсетілетін төлем қызметтері нарығының және төлем жүйелерінің жай-күйі туралы талдау ақпаратын қамтиды. Жинақта төлем жүйелері, төлем құралдары, төлем карточкаларының нарығы, ақша аударымының жүйелері, сондай-ақ Қазақстанның аумағындағы төлем ұйымдарының қызметі және электрондық ақша жүйелерін дамыту бойынша ақпарат бөлек берілген және баяндалған.

Сонымен қатар дайындалған материалдан Сіз Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелеріндегі өсу үрдістерін, электрондық көрсетілетін төлем қызметтері нарығын, банктік емес төлем секторын дамытуға оң жылжулар мен трендтерді және біздің мемлекеттің төлем нарығын дамытуға өзге де оң бағыттарды көре аласыздар.

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛЕМ НАРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	4
2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ	6
2.1. Төлем жүйелерінің даму көрсеткіштері	7
2.2. БААЖ көрсеткіштері.....	9
2.3. БКЖ көрсеткіштері	13
2.4. Төлем жүйелеріндегі ақша өтімділігі және айналымдылығы	16
2.5. Төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері.....	18
3-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫ	20
4-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НАРЫҒЫ.....	23
4.1. Электрондық көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы	23
4.2. Төлем карточкалары нарығы	25
4.3. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған интернет және мобильдік төлемдер	28
4.4. Төлем карточкалары қолданылмай қашықтан жасалатын төлемдер	29
4.5. Электрондық ақша.....	30
5-БӨЛІМ. АҚША АУДАРЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІ	33
6-БӨЛІМ. ТІКЕЛЕЙ КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТТАР БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР	38
7-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ	41

1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ


Қазіргі уақытта нарықта Ұлттық Банктің төлем жүйелері және жеке төлем жүйелері жұмыс істейді.



Жеке төлем жүйелері карточкалық жүйелерді және ақша аударымдарының жүйелерін ұсынады. Банкаралық төлемдер банктер арасында, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында ашылған тікелей корреспонденттік шоттар арқылы жүргізіледі.

Бұл ретте Қазақстанның Ұлттық Банкі бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру шеңберінде интернет-ресурсқа «Төлем жүйелері» бөліміне орналастырылған төлем жүйелерінің тізілімін жүргізеді. 2018 жылғы 1-қаңтардағы жағдай бойынша төлем

жүйелерінің тізіліміне **19 төлем жүйесі енгізілді**, оның ішінде 1 жүйелік тұрғыдан маңызды төлем жүйесі (Банкаралық ақша аудару жүйесі), 3 маңызды төлем жүйесі (Банкаралық клиринг жүйесі, VISA, Золотая Корона) және 15 өзге төлем жүйесі.



Қазақстанда көрсетілетін төлем қызметтерінің негізгі жеткізушілеріне банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, оның ішінде «Қазпошта» АҚ (ұлттық почта операторы), сондай-ақ Қазақстанның Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен банктік емес төлем ұйымдары жатады. 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша Ұлттық Банк 31 төлем ұйымын

Көрсетілетін төлем қызметтерінің негізгі жеткізушілері




екінші деңгейдегі
банктер, «Қазпочта»

айырысу-касса

- ✓ Есеп бөлімшелері
- ✓ Төлем карточкалары
- ✓ Банк шоттары
- ✓ Электрондық ақша
- ✓ Интернет/мобильді банкинг

31 төлем ұйымы



- ✓ Төлем терминалдары
- ✓ Электрондық ақша
- ✓ Интернет/мобильді төлемдер

тіркеді.

Төлем ұйымдарының тізілімі Ұлттық Банктің интернет-ресурсына «Төлем жүйелері» бөліміне орналастырылған.



2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қазақстанда ұлттық валюта – теңгемен банкаралық төлемдердің негізгі ағынының есебін қамтамасыз ететін төлем жүйелері **Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ)** және **Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ)** болып табылады, олар елдің қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементтерінің бірі болып қызмет етеді.

Ұлттық Банктің төлем жүйелері



БААЖ-ның және БКЖ-ның операторы Қазақстанның Ұлттық Банкі, төлем жүйелерінің операциялық орталығы - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады.

БААЖ-ның қатысушылары Қазақстанның барлық банкі, «Қазпошта» АҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы

Жүйелердің қауіпсіз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері, транзакцияларды өңдеу жылдамдығы ең бірінші болып табылады.



министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі, Қазақстан қор биржасы, сондай-ақ жекелеген халықаралық банктер және бейрезидент қаржы ұйымдары болып табылады. БКЖ-ның қатысушылары Қазақстанның банктері, «Қазпошта» АҚ, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі болып табылады.

2.1. Төлем жүйелерінің даму көрсеткіштері

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері (БААЖ және БКЖ) арқылы 2017 жылы **850,6 трлн. теңге сомаға (немесе 2 609,1 млрд. АҚШ долл.¹) 36,6 млн. транзакция** жүргізілді, бұл Қазақстанның ішкі жалпы өнімінен 16,5 есе көп (2016 жылдың қорытындысы бойынша төлем жүйелеріндегі төлемдер көлемі ІЖӨ-ден 12,6 есе, 2015 жылы 5,7 есе, 2014 жылы 5,1 есе көп болды).

Салыстыру:

Ресейде 2017 жылдың қорытындысы бойынша Ресей Банкінің төлем жүйелері (БЭШТ - Банктік электрондық шұғыл төлемдер жүйесі, ӨЭЕ – Өңірішілік электрондық есеп айырысу жүйесі, ӨЭЕ – Өңіраралық электрондық есеп айырысу жүйесі) арқылы ақша аудару көлемі 1 440,9 трлн. Ресей рублін құраған (24,7 трлн. АҚШ доллары), бұл Ресейдің ІЖӨ-нен 15,6 есе көп.


Белоруссияда 2017 жылдың қорытындысы бойынша ұлттық төлем жүйесі BISS - Belarus Interbank Settlement System арқылы ақша аудару көлемі 565,8 млрд. белорус рублін (292,8 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл Белоруссия ІЖӨ-нен 5,9 есе көп.

2016 жылмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 3,5%-ға (1,2 млн. операцияға), ал төлемдер сомасы 44,0%-ға (260,0 трлн. теңгеге) артқан.


Күніне орташа алғанда (операциялық күн) Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы 2017 жылы 3 471,8 млрд. теңге сомаға 149,2 мың транзакция жүргізілген.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017 жылы белгілеген орташа алған бағамы бойынша – 1 АҚШ доллары 326 теңгеге тең.

Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелеріндегі төлемдер санының серпіні



Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелеріндегі төлемдер сомасының серпіні



Көрсетілген жүйелерде жүргізілген төлем көлемдері, әдетте, банкаралық төлемдерге жатады.



Бұл ретте банктер клиенттерінің төлемдерінің ішінде жеке тұлғалардың есеп айырысу үлесі 5%-да ғана құрайды, бұл жеке және заңды тұлғалар айналымының табиғи көлемдеріндегі айырманы ғана емес, жеке тұлғалардың қолма-қол ақшасыз төлемдердің негізгі арнасы жеке бөлшек төлем жүйелері, атап айқанда, төлем карточкалары жүйелері болып табылатындығымен түсіндіріледі. Қазақстанда тіркелген бір заңды тұлғаға 2017 жылдың қорытындысы бойынша төлем жүйелерінде жүргізілген 125,3 млн. теңге тиесілі.

БААЖ Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдер сомасының негізгі үлесін (99,2%) өңдейді, ал төлем хабарларының көп бөлігі (үлесі – 58,7%) БКЖ арқылы өңделеді.


БААЖ-дағы бір төлем хабарының орташа сомасы 2017 жылы 55,9 млн. теңгені құрайды. БКЖ-дегі бір төлем хабарының орташа сомасы осы кезеңде 299,7 мың теңге болды.

2.2. БААЖ көрсеткіштері

01.01.2018 жылғы жағдай бойынша БААЖ қатысушылары ретінде 46 ұйым тіркелген.

2017 жылы БААЖ арқылы **844,1 трлн. теңге сомаға 15,1 млн. транзакция жүргізілді** (2 589,4 млрд. АҚШ долл.). 2016 жылмен салыстырғанда БААЖ-дағы төлемдер саны 7,8%-ға (1,2 млн. операция), ал сомасы 44,4%-ға (259,5 трлн. теңге) өсті.


Операциялар көлемдерінің өсуі негізінен екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді салымдарды орналастыруымен, Ұлттық Банктің қысқамерзімді салымдарды алуымен, мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар көлемінің төмендеуі аясында мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелерге байланысты болды.




Бұл ретте БААЖ арқылы 2017 жылы елдегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің жалпы санының 96,8%-ы жүргізілді, бұл елдің жүйелік тұрғыдан маңызды жүйесі ретінде оның сипатын растайды.

БААЖ-дағы операциялар көлемінің бір күндегі орташа алған мәні 2017 жылдың қорытындысы бойынша **3 445,5 млрд. теңге сомасындағы 61,6 мың операцияны құрады.**

БААЖ-дағы төлемдер санының серпіні



БААЖ-дағы төлемдер сомасының серпіні



Төлемдер сомасы бойынша негізгі үлесті Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен (51,0%), қысқа мерзімді салымдарды орналастыру және алу операциялары (22,6%), шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар (8,4%) және клиенттердің бір банктегі ағымдағы шоттан басқа банктегі ағымдағы шотқа ақша аударуы құрайды. Бұл ретте тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер көлемі 2017 жылы 6,2%-ды (2016 жылы

БААЖ арқылы жүргізілген операциялардың саны бойынша	
Төлем мақсаты	Жалпы санындағы үлесі
Зейнетақы төлемдері және жәрдемақылар	74,4%
Салымдар (депозиттер)	11,6%
Арнайы аударымдар	7,1%
Көрсетілетін қызметтер	2,6%
Бюджетке төлемдер және бюджеттен төленетін төлемдер	1,6%
Тауарлар	1,5%
Басқалары	1,1%

БААЖ арқылы жүргізілген операциялардың көлемі бойынша	
Төлем мақсаты	Жалпы санындағы үлесі
Резиденттердің бағалы қағаздары	51,0%
Салымдар (депозиттер)	22,6%
Басқалары	8,8%
Шетел валютасымен және бағалы қағаздармен операциялар	8,4%
Тауарлар	3,2%
Көрсетілетін қызметтер	3,0%
Бюджетке төлемдер және бюджеттен төленетін төлемдер	2,9%

олардың үлесі 6,2% болды) құрады.

БААЖ-да жүргізілген төлемнің орташа сомасы 2017 жылы 55,9 млн. теңге болды және 2016 жылмен салыстырғанда 34,0%-ға (14,2 млн. теңгеге) ұлғайды.

Пайдаланушылардың тобына қатысты төлемдер көлемінің ең үлкен үлесі 2017 жылы «Ұйымдар»² тобына тиесілі – 64,9%, бұл осы топта Қазақстан Ұлттық Банкінің, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың болуымен сипатталады. 2017 жылы топтың осы қатысушыларының үлесі 2016 жылмен салыстырғанда 1,6%-ға ұлғайды. Бұл ретте 2017 жылы барлық төлемдердің 18,9%-ы төлемдердің ең көп көлемі жүргізілген бес банкке тиесілі.

БААЖ-дағы жеке тұлғалардың³ төлемдері мен ақша аударымдары жүйе арқылы жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемінің аздаған үлесін (0,4%) құрайды, төлемдер мен ақша аударымдарының 99,6%-ы заңды тұлғаларға тиесілі. Жеке тұлғаның нұсқауы бойынша БААЖ-да бір төлем хабарының орташа сомасы шамамен 349,0 мың теңгені құрайды.

«Қаржы ұйымдары» тобы	
төлемнің мақсаты:	осы топ төлемдерінің жалпы көлемінің үлесі
мемлекеттік бағалы қағаздармен тікелей РЕПО операцияларын жабу	16,1%
мемлекеттік бағалы қағаздармен тікелей РЕПО операцияларын ашу	15,9%
қысқа мерзімді салымдарды орналастыру (1 жылдан аспайтын)	14,5%
қысқа мерзімді салымды алу (1 жылдан аспайтын)	12,1%
өтеу мерзімі 1 жылдан аспайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу	10,4%
өтеу мерзімі 1 жылдан аспайтын мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып өтеу	10,0%
Басқалары	20,9%
«Мемлекеттік органдар және ұйымдар» тобы	
есепке жазылған (есептелген) және бюджетке төленетін өзге міндеттемелер	11,7%
зейнетақылар төлеу	11,2%


² «Ұйымдар» тобына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстанның Ұлттық Банкі, Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті кіреді.

³ Экономиканың «үй шаруашылықтары» секторы бірге тұрып жатқан, кірістері мен мүлкін қосатын (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтің белгілі бір түрін (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін және басқаны) бірлесіп тұтынатын жеке тұлғалардан, сондай-ақ жеке тұлғалардың аздаған топтарынан (отбасылардан) тұратын институционалдық бірліктерді білдіреді.


меншікті қаражатты аудару	8,5%
басқа да бюджеттік операциялар	8,2%
құрылыс қызметтері үшін төлемдер	8,0%
мемлекеттік бағалы қағаздармен кері РЕПО операцияларын ашу	6,9%
басқалары	45,3%
«Басқа да заңды тұлғалар» тобы	
тауарлар үшін ақы төлеу	29,3%
меншікті қаражатты аудару	24,3%
есепке жазылған (есептелген) және бюджетке төленетін өзге міндеттемелер	14,3%
кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтері үшін төлемдер	6,8%
құрылыс қызметтері үшін төлемдер	4,8%
теміржол көлігі қызметтері үшін төлемдер	1,6%
басқалары	19,0%
«Жеке тұлғалар» тобы	
тауарлар үшін ақы төлеу	25,8%
меншікті қаражатты аудару	14,2%
ұзақ мерзімді қарыздар беру (1 жылдан асатын)	8,8%
Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжымайтын мүлік үшін төлемдер	6,2%
өтеусіз аударымдар	6,2%
жарғылық капиталға қатысуды растайтын акцияларды және құжаттарды сатып алу, құнын өтеп сатып алу	4,6%
басқалары	34,2%

Төлем хабарларының саны бойынша БААЖ-дағы негізгі үлесі 3 млн. теңгеге дейін болады (транзакциялардың үлесі жүйедегі төлемдердің жалпы санының 86,9%-ын құрайды), ең төмен үлесі 500 млн. теңгеден 1 млрд. теңгеге дейінгі сома құрайды (0,3%). Бұл ретте төлемдердің негізгі сомасы 1 млрд. теңгеден асатын төлемдерге тиесілі (төлемдердің үлесі жүйедегі төлемдердің жалпы сомасының 86,3%-ын құрайды).

БААЖ-дағы сомалар аралығы бойынша төлемдер саны



БААЖ-дағы сомалар аралығы бойынша төлемдер сомасы




2.3. БКЖ көрсеткіштері

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БКЖ қатысушылары ретінде 36 ұйым тіркелді.

2017 жылы БКЖ арқылы **6,4 трлн. теңге сомаға** (19,7 млрд. АҚШ долл.) **21,5 млн. транзакция** тіркелді. 2016 жылмен салыстырғанда БКЖ-дағы төлемдер саны 0,7%-ға (159,1 мың операцияға), ал сомасы 6,9%-ға (417,1 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Бұл ретте орташа алғанда бір операциялық күні клиринг жүйесі арқылы 2017 жылы 26,3 млрд. теңге сомаға 87,6 мың құжат өтті.

БКЖ-ғы төлемдер санының серпіні



БКЖ-ғы төлемдер сомасының серпіні



Жүйенің статистикалық көрсеткіштері аздаған сомаға операциялардың көп санын жүргізу бойынша өзінің бағытталған рөлін орындағандығын көрсетеді. Атап айтқанда, 2017 жылдың қорытындылары бойынша жүйе арқылы Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдердің жалпы саны мен сомасынан 58,7% және 0,8% болды.

2017 жылы БКЖ-да зейнетақы төлемдері мен жәрдемақы бойынша төлемдердің көптеген саны (БКЖ-дағы төлемдердің жалпы санының 53,3%-ы) жүргізілді. Сол сияқты салық және бюджетке басқа да төлемдер (18,0%) және арнайы аударымдар (13,8%) айтарлықтай үлес алады.

Төлемдердің сомасы бойынша айтарлықтай үлес тауарлар (29,6%) мен қызметтерге (26,4%) тиесілі. Айтарлықтай үлесті сол сияқты бюджетке төлемдер (17,9%), салымдармен операциялар (9,7%) және зейнетақы төлемдері мен жәрдемақы (8,3%) алады.

БКЖ арқылы жүргізілген операциялардың саны бойынша		БКЖ арқылы жүргізілген операциялардың көлемі бойынша	
Төлемнің мақсаты	Жалпы көлемнен үлес	Төлемнің мақсаты	Жалпы көлемнен үлес
Зейнетақы төлемдері және жәрдемақы	53,3%	Тауарлар	29,6%
Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер	18,0%	Көрсетілетін қызметтер	26,4%
Арнайы аударымдар	13,8%	Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлемдер	17,9%
Көрсетілетін қызметтер	5,8%	Салымдар (депозиттер)	9,7%
Салымдар (депозиттер)	4,6%	Зейнетақы төлемдері және жәрдемақы	8,3%
Тауарлар	3,3%	Арнайы аударымдар	5,4%
Басқалары	1,2%	Басқалары	2,7%

2017 жылы БКЖ-ғы бір төлемнің орташа сомасы 2016 жылмен салыстырғанда 6,1%-ға (17,3 мың теңгеге) ұлғая отырып, 299,7 мың теңгені құрады.

2017 жылы БКЖ-ғы пайдаланушылардың тобы бойынша төлемдердің жалпы үлесі БААЖ қарағанда неғұрлым теңдей болды. Мәселен, төлемдерінің көлемі неғұрлым көп бес банктің көлемі – 40,2%-ды, басқа банктердің үлесі – 31,8%-ды, Ұйымдардың⁴ үлесі – 28,0%-ды құрады.

БКЖ-ғы тиісінше жеке тұлғалар төлемдерінің үлесі төлемдердің жалпы сомасының 8,7%-ын, заңды тұлғалардікі – 91,3%-ды құрады. Жеке тұлғаның нұсқауы бойынша БКЖ-ғы бір төлем хабарының орташа сомасы 24,1 мың теңгені құрады. Жеке тұлғалардың төлемдері бойынша қатысушылардың жүйеге жіберілген төлем хабарлары бойынша негізгі үлесті міндетті зейнетақы жарналары (28,7%) және міндетті әлеуметтік аударымдар (7,8%), есепке жазылған (есептелген) бюджетке өзге де міндеттемелер (9,1%) құрайды.


«Қаржы ұйымдары» тобы	
Төлем мақсаты:	Осы топтағы төлемдердің жалпы көлемінің үлесі
бюджетке есепке жазылған (есептелген) және басқа да міндеттемелер	23,2%
коммуналдық қызметтер үшін төлемдер	14,5%
жеке тұлға азаматтардан бюджетке міндеттемелер бойынша түсімдер	12,8%
жеке тұлға азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар	5,7%
тауарлар үшін төлемдер	5,6%
міндетті әлеуметтік аударымдар	5,6%
Басқа да	32,6%
«Мемлекеттік органдар және ұйымдар» тобы	
міндетті әлеуметтік аударымдар	24,8%
міндетті зейнетақы жарналары	21,0%
бюджетке есепке жазылған (есептелген) және басқа да міндеттемелер	15,8%
міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	10,2%
қызметкерлердің банк шотына кейіннен аудару үшін банкке жалақыны, еңбек демалысына ақыны аудару	7,3%
«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының қате есептелген төлемдерді қайтаруы	4,5%
басқа да	16,4%
«Басқа да заңды тұлғалар» тобы	
міндетті әлеуметтік аударымдар	31,0%
міндетті зейнетақы жарналары	26,8%

⁴ Ұйымдар» тобына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті енгізілген.

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	14,5%
тауарлар үшін төлемдер	6,5%
бюджетке есепке жазылған (есептелген) және басқа да міндеттемелер	5,2%
кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер үшін төлемдер	2,8%
басқа да	13,3%
«Жеке тұлғалар» тобы	
міндетті зейнетақы жарналары	28,7%
міндетті әлеуметтік аударымдар	27,8%
бюджетке есепке жазылған (есептелген) және басқа да міндеттемелер	9,1%
жеке тұлға азаматтардан бюджетке міндеттемелер бойынша түсімдер	5,7%
міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	5,1%
міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар	4,9%
басқа да	18,7%

Төлемдер сомасы бойынша БКЖ-ғы транзакциялар саны бойынша ең көп үлес 500 мың теңгеге (89,2%) дейінгі интервалға тиесілі, ең аз үлесті 500 мың теңгеден 1 млн. теңгеге (3,1%) дейінгі төлемдер құрады. Төлем сомалары бойынша интервалда негізгі үлесті 1 млн. теңгеден асатын (үлесі 79,8%) төлемдер құрады.

БКЖ-ғы сомалар интервалдары бойынша төлемдер




2.4. Төлем жүйелеріндегі ақша өтімділігі мен айналымдылығы

Іске асырған кезде елдің қаржы тұрақтылығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін төлем жүйелерінде өтімділік тәуекелін және жүйелік тәуекелді басқару мақсатында Қазақстанның Ұлттық Банкі және төлем жүйелерінің қатысушылары тұрақты негізде жүйелердегі қатысушылардың позицияларына мониторинг және бақылау жүргізеді.

БААЖ-дағы орташа күндік өтімділіктің көлемі (төлемдер мен ақша аударымын жүзеге асыру үшін пайдаланушылар жүйеге аударатын


ақша сомасы) 2016 жылмен салыстырғанда 18,9%-ға (202,7 млрд. теңге) ұлғайып, 2017 жылы 1 275,5 млрд. теңге болды.

БААЖ-ғы өтімділік көрсеткіштері



Бұл ретте пайдаланушылардың БААЖ-ғы өтімділігінің орташа күндік көлемі төлемдердің орташа күндік сомасының 37,0%-ын құрайды.


2017 жылы БААЖ қатысушылары өтімділігінің өзгеру серпіні



БКЖ-да тиімділікті талдау үшін ақша айналымы коэффициентінің (ААК) есебі пайдаланылады, ол төлемдерді жүргізу үшін ақшаның қарсы ағыны қанша рет пайдаланылғандығын, сол сияқты жүйеге қатысушылардың таза позициясы (ТП) сомасын талдауды көрсетеді. Мәселен, 2017 жылы орташа күндік ААК 2,7 (мысалы, төлем жүйелерінде 1 бірлікке өтімділік болған кезде, жүйеде қарсы төлемдер айналымы есебінен 2,7 бірлік жүргізіледі) құрады. Бұл ретте пайдаланушылардың клиринг нәтижелері бойынша таза позицияларының орташа күндік сомасы 5,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 4,8%-ға асады. БКЖ-ғы қатысушылардың таза позицияларының сомасы БААЖ-ғы қатысушылардың орташа күндік айналымдары сомасына қатысы бойынша 0,5%-ды құрайды, бұл БКЖ

қатысушылары таза позицияларының БААЖ-да есепке алынбауының шамалы тәуекелін сипаттайды.

2017 жылы БКЖ-да өтімділік пен айналымдылық көрсеткіштері



2.5. Төлем жүйелерінің жұмыс қабілеттілігінің көрсеткіштері

Қаржы нарығында өзгерістер тез болып тұратын заманауи жағдайда төлем жүйелері жұмысының тиімділігін қажетті деңгейде қолдау қолданылатын материалдық-техникалық база мен бағдарламалық өнімді жаңартуды қоса алғанда, сенімді және жеткілікті техникалық қамтамасыз етуді талап етеді.

2017 жылы төлем жүйелерінің аппараттық-бағдарламалық кешенін жоғары өнімділік деңгейде қолдау бойынша жұмыс жалғастырылды, жүйелерді, оның ішінде қауіпсіздік жүйелерінің тұрақты мониторингі, профилактикалық жұмыстар мен басқару жүргізілді.

Бір секундта өңделген хабарлар саны 10-нан 30 хабар аралығында болды, бұл да жүйенің жоғары өнімділігін дәлелдейді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, оларға есептеулердің жоғары қауіпсіздігі мен үздіксіздігі талаптары қойылады.

Төлем жүйелері жұмысының үздіксіздігі (жұмыс қабілеттілігі) коэффициентінің⁵ жоғары деңгейін қамтамасыз ету жүйе жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қабылданған нормаларға сәйкес⁶, аталған көрсеткіш 90%-дан кем болмауы тиіс. 99%-дан жоғары көрсеткіш елде жұмыс істеп тұрған


⁵ Төлем жүйелерінің жұмыс қабілеттілігінің бір жылдық коэффициенті төлем жүйесінің нақты жұмыс уақытының (төлем жүйесі тоқтатылған уақыт кезеңін есептемегенде, төлем жүйесінің операциялық күні ашылғаннан күннен бастап операциялық күні жабылған күнге дейінгі уақыт кезеңі) төлем жүйесінің жалпы жұмыс уақытына (төлем жүйесінің операциялық күні ашылған күннен бастап операциялық күн жабылған күнге дейінгі уақыт кезеңі) қатынасы ретінде есептеледі.

⁶ Деректерді өңдеу орталығын құру бойынша ТІА-942 стандарты.

жүйелердің жоғары тиімділігін көрсетеді. 2017 жылы БААЖ-дың жұмыс қабілеттілігі коэффициенті 99,9%-ды, ААК – 100%-ды құрады, бұл жоғары стандарттар мен қойылған міндеттердің орындалуына сай келеді.

Төлем жүйелері жұмысы үздіксіздігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу көп жағдайда резервтік серверлердің болуы нәтижесінде қол жеткізіледі. Мысалы жабдықтың/бағдарламалық қамтамасыз етудің іркілісі немесе жоспарлы жұмыс жүргізу қажеттілігі орын алған жағдайда төлем жүйелерінің негізгі серверлерінің жұмысы резервтік алаңдарға көшіріледі.

Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмыс қабілеттілігі коэффициентінің 2017 жылы өзгеру серпіні



Төлем жүйелері жұмысының тиімділігі көрсеткіштері олардың жұмысының үздіксіздігі, жүйенің өнімділігі мен жүйе өңдейтін төлемдердің көлемдері болып табылады.

Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмыс қабілеттілігінің коэффициенттері олардың жұмысының үздіксіздігінің жоғары деңгейін көрсетіп отыр: БААЖ бойынша коэффициент 2017 жылы орташа есеппен 99,99%-ды, БКЖ бойынша – 100%-ды құрады.

2017 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы өткізілген төлемдер көлемі 850,6 трлн. теңге сомаға 36,6 млн. транзакция құрады, ол Қазақстанның ішкі жалпы өнімінен 16,5 есе асып түседі.


2017 ЖЫЛ

3-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫ


Заңды тұлғалардың төлемдері⁷

Заңды тұлғалардың төлем құралдарын қолдану арқылы банктер және «Қазпочта» АҚ арқылы өткізген операциялары 2017 жыл ішінде 675,2 трлн. теңге сомаға 664,8 млн. транзакция құрады. Салыстырмалы түрде 2016 жылы заңды тұлғалар төлем құралдарын қолданумен 561,0 трлн. теңге сомаға 582,0 млн. транзакция жүргізді.

Заңды тұлғалардың 2016 және 2017 жылдардағы транзакцияларының саны



Заңды тұлғалардың 2016 және 2017 жылдардағы транзакцияларының көлемі




2016 жылғы секілді 2017 жылы да саны бойынша анағұрлым көп үлесті заңды тұлғалардың төлем тапсырмаларын (45,0%) және төлем ордерлерін (43,2%) қолдана отырып төлемдері мен ақша аударымдары


⁷ Ақша жөнелтушінің экономика секторы – орталық үкімет (1), өңірлік және жергілікті басқару органдары (2), орталық (ұлттық) банктер (3), басқа депозиттік ұйымдар (4), басқа қаржы ұйымдары (5), мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар (6), мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар (7), үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (8).

алады, сомасы бойынша негізгі көлемді оларды пайдаланумен заңды тұлғалардың нұсқаулары бойынша олардың банктік шоттарынан төлемдер мен ақша аударымдары жүргізілетін төлем тапсырмалары (92,8%) құрайды.

2017 жылы заңды тұлғалардың төлем құралдарының жалпы санынан үлесі



2017 жылы заңды тұлғалардың төлем құралдарының жалпы көлемінен үлесі



ЕАЭО (Ресей, Белорусия, Армения және Қырғызстан) елдерінде жүргізілген транзакциялар бойынша көп үлесті кредиттік аударымдары бойынша (дәлірек айтқанда, төлем тапсырмаларын пайдалана отырып) операциялар алады. Осы секілді Қазақстанда төлем құралдарын топқа бөлгенде 2017 жылы неғұрлым көп үлесті заңды тұлғалардың кредиттік⁸ (48,38%) және өзге



⁸ Кредиттік құралдарға төлем тапсырмалары, чектер, төлем хабарламалары, пошта аударымдары, салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді банкоматтар арқылы төлеу жатады.


де төлем құралдарын (46,26%) пайдаланумен операциялары, ал көлемі бойынша кредиттік төлем құралдарын пайдаланумен операциялар (93,57%) алады.

Жеке тұлғалардың төлемдері⁹


2017 жылы жеке тұлғалардың төлем құралдарын қолданумен банктер мен «Қазпошта» АҚ арқылы операциялары¹⁰ 35,4 трлн. теңге сомаға 874,8 млн. транзакцияны құрады.

Саны бойынша анағұрлым көп үлесті өткен 2016 жылғы секілді жеке тұлғалардың төлем карточкаларын (53,4%) және төлем ордерлерін (31,5%) пайдаланумен операциялары алады, бұл банктер мен клиенттер арасындағы, оның ішінде банктің қызметіне ақы төлеу, клиенттердің ағымдағы шоттарына сыйақы төлеу бойынша аз ғана сомаға төлемдер шін төлем ордерлерін қолданумен сипатталады. Сома бойынша негізгі көлем төлем карточкаларына (39,0%) және төлем тапсырмаларына (36,1%) келеді.

2017 жылы төлем құралдарының жалпы санындағы үлесі



2017 жылы төлем құралдарының жалпы сомасындағы үлесі



Дебеттік құралдарға төлем талап-тапсырмалары, инкассольдық өкімдер, банктік шотты тікелей дебеттеу жатады.


Басқаларға аталған құралдарды қолданумен кредиттік, сондай-ақ дебеттік аударымдарды, сондай-ақ төлемдерді жүзеге асырудың өзге де тәсілдері жүргізіле алатын төлем карточкалары (қолма-қол ақша алу бойынша операциялар, қолма-қол ақшасыз төлемдер) және төлем ордерлері жатады.

⁹ Ақша жөнелтушінің экономика секторы «үй шаруашылығы - 9» - жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өз кірістері мен мүлкін (толық немесе ішінара) біріктіретін және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін ортақ тұтынатын жеке тұлғалардың шағын топтарынан (отбасы) тұратын институционалдық бірліктерді білдіреді.

¹⁰ Банктер арасында ашылған корреспонденттік шоттар мен ақша аударымдары жүйесі арқылы трансшекаралық төлемдерді және ақша аударымдарын қоспағанда.

4-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НАРЫҒЫ

4.1. Электрондық көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы



126 724
POS-терминал
 (2017 жылы +17.9%)
 кәсіпкерлерден 92%



9 698
банкомат
 (2017 жылы +1.4%)
 Cash-in 1 633 (+0.6%)
 Cash-out 8 065 (5.7%)



15 474
төлем терминалы
 (2017 жылы +7.1%)



78 686
кәсіпкер
 (2017 жылы +19%)




2017 жылы Қазақстанда төлемдер ақша аударымдарын жүргізу үшін қашықтан қызмет көрсету желісін кеңейту үрдісі сақталған, өткен жылмен салыстырғанда ақы төлеуге қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдайтын сауда орындары мен кәсіпкерлер санының көбеюімен қатар POS-терминалдардың, банкоматтардың, мезеттік төлеу терминалдарының саны артты.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 78 686 кәсіпкер жұмыс істеген. Бұл кәсіпкерлер 99 541 сауда орнында төлем карточкаларына

қызмет ететін жабдық орнатты (2016 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсу).

Электрондық банктік терминалдардың сандық көрсеткіштерінің бір айда айналыста пайдаланылған төлем карточкасының орташа санымен ара қатынасы болған кезде пайдаланылған 1 000 төлем карточкасына 15 POS-терминал мен 1 банкомат тиесілі. Бұл ретте POS-терминалдар арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялардың саны бойынша, 97,3% - бұл тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу, сомасы бойынша осы көрсеткіш 70,4%-ды құрайды (жалпы сомадан 19,0% – кедендік төлемдер).

Инфрақұрылымның өңірлерде дамуы



Қашықтан банктік қызмет көрсетудің неғұрлым дамыған желісі абсолюттік көрсеткішпен Алматы қаласында байқалды, оған бүкіл ел бойынша кәсіпкерлерде және банктерде орнатылған POS-терминалдың жалпы санының 27,5%-ы тиесілі, банктермен POS-терминалдар орнатуға шарт жасаған кәсіпкерлердің 30,2%-ы, POS-терминалдар орнатылған сауда нүктелерінің 29,4%-ы, банкоматтардың 19,6%-ы, банктік дүңгіршектердің 8,5%-ы мен мезеттік ақы төлеу терминалының 16,0%-ы тиесілі.

Қашықтан банктік қызмет көрсетудің кеңінен таралған желісі қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

4.2. Төлем карточкалары нарығы




Төлем карточкаларының эмиссиясын 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша нақты 26 банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды.

Айналыста 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша **19,4 млн. төлем карточкасы** (2017 жылы өсім 24%) болды: 15,6 млн. дебет карточкасы, 3,1 млн. кредит карточкасы, 0,5 миллионнан астам кредит лимиті, шамамен төленген 0,2 млн. бірлігі бар дебет карточкасының саны.

99,6% карточка айналыста – бұл төлем карточкаларының шетелдік жүйелерінің карточкалары: Visa, Mastercard, American Express International, UnionPay International.


2017 жылы төлем карточкаларын пайдаланудың өсу серпіні сақталды (операциялар жасау үшін бір ай ішінде пайдаланылатын карточкалар), оның орташа саны 8,7 млн. бірлікті құрады, бұл 2016 жылғы тиісті көрсеткіштен 9,5%-ға артық. Осылайша, карточка өнімдерін Қазақстан халқының шамамен 48%-ы белсенді пайдаланады.

Бір айда пайдаланылатын төлем карточкаларының орташа алғандағы саны




Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, 2017 жылы **467,5 млн. транзакция** (2016 жылмен салыстырғанда өсу 41,2%) **13,8 трлн. теңге сомаға** (2016 жылмен салыстырғанда өсу 32,3%) жүргізілді.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасаған транзакция санының және операциялар көлемінің серпіні



Бұл ретте қашықтан ақы төлеу сервистері мен төлем инфрақұрылымы белсенді дамығандықтан, төлем карточкалары қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асыру үшін көп пайдаланылады. Сонымен, төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялардың жалпы құрылымындағы қолма-қол ақшасыз төлемдер үлесі 2017 жылы саны бойынша 49,6%-ды (қолма-қол ақша алуға 50,4% тиесілі), сомасы бойынша 22,1%-ды (қолма-қол ақша алу – 77,9%) құрады. Салыстыру үшін аталған көрсеткіштер 2016 жылы қолма-қол ақшасыз төлемдер – саны бойынша 36,4% және сомасы бойынша 15,6%, қолма-қол ақша алу операциялары бойынша – саны бойынша 63,6% және сомасы бойынша 84,4% болды.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялардың серпіні




2016 жылмен салыстырғанда қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемі **3,0 трлн. теңге сомаға 232,0 млн. транзакцияны құрап**, саны бойынша **92,5%-ға**, сомасы бойынша – **88,2%-ға өсті**. Бір төлемнің орташа сомасы 13,1 мың теңгені құрады. Қолма-қол ақша алу бойынша операциялар 10,7 трлн. теңге сомаға 235,5 млн. транзакцияны құрап, саны бойынша 11,8%-ға және сомасы бойынша 22,0%-ға ұлғайды.

Банкаралық төлемдер.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып банкаралық операциялар (банк желісіндегі бөтен карталар)¹¹ 1 985,5 млрд. теңге сомаға 106,7 млн. операцияны құрады, ол қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған ел ішіндегі төлемдердің жалпы саны мен сомасының 24,1%-ын және 15,0%-ын алады.

Қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялардың негізгі үлесін клиенттер негізінен өз төлем карточкаларының эмитенті – банктерінің желісінде жүргізеді (транзакциялардың жалпы саны мен сомасының 82,5%-ы және 89,4%-ы), ол аталған операцияларды жүргізуге комиссияның болмауымен немесе төмен болуымен сипатталады.

2017 жылы қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдердің 68,5%-ы эмитент-банктердің ішкі ресурстарын пайдалана отырып банктің өз желісінен бастама жасалды.




Бұл ретте төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын банкаралық төлемдер Қазақстанда әртүрлі процессингтік орталықтарда қызмет көрсетілетін, сондай-ақ бір процессингтік орталық (1PC) шеңберінде жүргізілетін, банктер арасындағы хостаралық қосылулар (Host 2 Host)¹² жолымен халықаралық төлем жүйелері инфрақұрылымы (VISA, Mastercard, UnionPay, American Express) арқылы жасалуы мүмкін.


¹¹ Бір банктің желісінде басқа эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған операциялар.

¹² Аталған арна екі банктің арасында жасалған шарттың негізінде оралдың (немесе олардың процессингтік ұйымдарының) арасында ақпараттық-технологиялық байланыстың бар екенін білдіреді.

4.3. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған интернет және мобильдік төлемдер



91,8 млн.
транзакция



Тұрақты төлем жасайтын 2,5 млн.
пайдаланушы




1 192,7 млрд. теңге



Әрбір қолма-қол ақшасыз
жасалатын 3 операция интернет
арқылы өтеді

2017 жылы Интернет және мобильдік банкинг арқылы қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып **1 192,7 млрд. теңге сомаға 91,8 млн. транзакция жүргізілді (2016 жылмен салыстырғанда сомасы бойынша 3 есе өсу)**. Күн сайын аталған қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы 3 млрд. теңге сомаға 250 мың транзакция жүргізіледі.

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып интернет/мобильдік банкинг арқылы жүргізілген операциялардың серпіні



Интернет және мобильдік банкинг арқылы жүргізілетін төлемдер мен ақша аударымдарының үлесі қазақстандық эмитенттердің төлем

карточкаларын пайдалана отырып жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы санының 39,5%-ын және жалпы сомасының 39,1%-ын құрады.

2017 жылы қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып Интернет және мобильдік банкинг арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдер санының 43%-ы ұялы байланыс және «Қазақтелеком» АҚ операторлары мен қызметіне ақы төлеуге, 23%-ы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге тиесілі болды.

Онлайн транзакциялар



Транзакциялардың
43%-ы байланыс
төлемдері
Желі операторлары
"Қазақтелеком" АҚ



23%-ы сауда
төлемдері
тауарлар
материалды емес
құндылықтар

Жүргізілген сомаларының көлемі бойынша жоғарыда көрсетілген операциялар Интернет және мобильдік банкинг арқылы жүргізілген операциялардың жалпы сомасының 30%-ын (тиісінше 7% және 23%) алады. Ал банк шоттары арасындағы аударымдар, санының аз болуына қарамастан (Интернет/мобильдік банкинг ортадағы қолма-қол ақшасыз транзакциялардың жалпы санының 8%-ы) операциялардың көлемдері бойынша 37%-ды алады.

2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша интернет/мобильдік банкингті пайдаланушылардың саны шамамен **9 млн. адам болды**, олардың орташа алғанда 25%-ы (2,5 млн. адам) банктердің онлайн сервистерін тұрақты қолданады.

4.4. Төлем карточкалары қолданылмай қашықтан жасалатын төлемдер



2017 жылы

2016 жылмен салыстырғанда төлем карточкаларын пайдаланусыз жасалған қолма-қол ақшасыз операциялар саны

31%



2016 жылмен салыстырғанда осы транзакциялар көлемі

97%


2017 жылы төлем карточкалары қолданылмайтын өзіне-өзі қызмет көрсететін қашықтықтан арналар мен терминалдар арқылы қолма-қол ақшасыз транзакциялар саны 2016 жылғы көрсеткіштен 31,1%-ға ұлғайып, 209,8 млн. бірлік болды. Аталған операциялардың көлемі **4 601,6 млрд теңге** болды (2016 жылмен салыстырғанда 96,6%-ға өсті).

Төлем карточкаларын пайдаланбай жүргізілген транзакциялардың жалпы көлемінің 2 757,3 млрд. теңге сомаға (59,9%) 156,3 млн. транзакция (74,5%) қолма-қол ақшалай жарна арқылы жүзеге асырылды (2016 жылмен салыстырғанда сомасы бойынша 56,8%-ға өсті).

Бұл ретте қолма-қол ақшалай жарна арқылы транзакциялардың жалпы саны мен сомасының 98,2% және 92,9% (2 561,3 млрд. теңге сомаға 153,4 млн. транзакция) төлем терминалдары арқылы жүзеге асырылды (2016 жылмен салыстырғанда саны мен сомасы бойынша 3,2%-ға және 11,2%-ға өсті).

Интернет және мобильдік қызмет арқылы **банк шотынан ақша аудару арқылы** жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялар 1 843,3 млрд. теңге сомаға 53,6 млн. бірлік болды (саны бойынша 2,6 есеге, сомасы бойынша 3,2 есеге өсті).

Төлем карточкаларын пайдаланбай Интернет/мобильдік банкинг арқылы жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялар серпіні



4.5. Электрондық ақша


Қазіргі уақытта әлемде барынша жаңа мүмкіндіктер ашатын компьютерлік және интернет-технологиялардың қарқынды дамуы байқалуда. Қазақстанда интернет-аудиторияның өсуіне және интернет-коммерцияның таралуына байланысты электрондық ақша кеңінен таралуда.



17 электрондық ақша жүйесі: «E-KZT», «Woorpay», «Visa Qiwi Wallet», «Личная Касса», «Paypoint», «Dar», «Homepay», «Халык», «AllPay», «Wallet One», «Kaspi Bank», «AlemPAY», «Altynpay», «MultiB@nk», «MyBonus», «Homebank Wallet», «TengriWallet»

Электрондық ақша шығарылымын **13 банк жүзеге асырады**, оларға 2017 жылы 331,6 млрд. теңге сомаға электрондық ақша эмиссияланды (2016 жылмен салыстырғанда 2,6 есеге өсті).

Эмиссияланған электрондық ақша



2017 жылы бір жылда операциялар саны 88,1%-ға; операциялар сомасы – 2,3 есеге өсті.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан аумағында қазақстандық эмитенттердің электрондық ақшаларын пайдалан отырып 361,5 млрд. теңге сомаға 81,4 млн. транзакция жасалды (2016 жылмен салыстырғанда операциялар саны 88,1%-ға, сомасы – 2,3 есеге өсті). Олардың ішінде:

Электрондық ақшаны пайдалану серпіні



- 2017 жылы заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің пайдасына 306,8 млрд. теңге сомаға 73,1 млн. транзакция электрондық ақша аударылды, жеке тұлғалардың пайдасына электрондық ақша аударымдары - 54,7 млрд. теңге сомаға 8,3 млн. транзакция болды.

Электрондық ақша жүйелерінде тіркелген кәсіпкерлердің саны (дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар) – 5 516 бірлік.

- 2017 жылы электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған төлемдердің орташа сомасы 4 439,8 теңгені (2016 жылы – 3 526 теңге) құрады.

Бүгінгі күні Қазақстанның шашамен барлық банкі және «Қазпочта» АҚ клиенттеріне қашықтан қызмет көрсетеді. Интернет және мобильді банкинг жүйелерінде 9 млн. жуық пайдаланушы тіркелген, олардан 2,5 млн. пайдаланушы осы сервисті үнемі қолданады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып Интернетте/мобильді ортада жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялардың көлемі 2016 жылғы тиісті көрсеткіштерден сомасы бойынша 3 есе артты.

Жалпы алғанда соңғы бес жылда төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі 4 есеге өсті және 3 трлн. теңге көрсеткішіне жетті. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған төлемдердің жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үлесі аталған жылдары 9 п.т. (2012 жылы – 13%) өсіп, 2017 жылы 22% болды.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған төлемнен басқа халыққа қазіргі кезде Интернет және мобильді сервис арқылы жүйелі төлемдер, қызметке ақы төлеу, мезеттік режимде картадан картаға аударымдар бойынша қызметтің кең ауқымы қолжетімді.


5-БӨЛІМ. АҚША АУДАРЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІ

Ақша аударымдарының халықаралық жүйелері бірнеше жылдар ішінде Қазақстан халқы арасында бірінші кезекте Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерге ақша аударудың тез және қолайлы тәсілі ретінде танымал.

- Ақша аударымдары жүйелері (ААЖ) арқылы жіберілген транзакциялардың жалпы көлемі 2017 жылы 527,7 млрд. теңге сомаға 2,7 млн. транзакция болды.

Ақша аударымдары жүйелерінің артықшылығы шетелге (алыс және жақын шетел) сияқты Қазақстанның аумағында да ақшаны жіберудің жылдамдығы мен мүмкіндігімен байланысты.

ААЖ арқылы жүргізілген ақша аударымдарының көлемі





ААЖ АРҚЫЛЫ ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

- 2017 жылдың қорытындылары бойынша ААЖ арқылы шетелге жіберілген ақша аударымдары 504,3 млрд. тенге (ААЖ арқылы ақша аударымдарының жалпы көлемінен 95,6%) сомаға 2,5 млн. транзакция (ААЖ арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 91,8%) болды.

Шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен - 66% және Ресей рублімен – 31% жүргізілді.

Халық 2017 жылы барынша жиі

ААЖ арқылы шетелге жіберілген ақша аударымдарының көлемі, млрд. теңге



ақша аударымдарын Жақын шетел, Шығыс және Оңтүстік-Батыс Азия елдеріне жіберді.


Транзакциялардың жалпы сомасынан Ресей Федерациясы – 38,5%, Өзбекстан – 18,1%, Қырғызстан – 8,7%, Қытай – 7,8% және Түркия 7,7% ақша алушы ірі елдер болып табылады.

Ақша аударымы жіберілген ел	Саны мың транзакция	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млн. теңге	Жапы сомадан үлесі, %-бен
Ресей Федерациясы	1 087,0	43,5%	194 067,7	38,5%
Өзбекстан	600,5	24,0%	91 394,8	18,1%
Қырғызстан	213,7	8,6%	43 643,4	8,7%
Қытай	39,7	1,6%	39 537,1	7,8%
Түркия	97,5	3,9%	39 055,8	7,7%
Украина	72,1	2,9%	13 945,6	2,8%
Әзірбайжан	45,0	1,8%	9 316,2	1,8%
Тәжікстан	78,3	3,1%	7 617,7	1,5%
Армения	18,5	0,7%	5 991,1	1,2%
Грузия	21,0	0,8%	4 060,7	0,8%
Беларусь	17,6	0,7%	3 069,3	0,6%
Біріккен Араб Әмірліктері	5,4	0,2%	2 974,2	0,6%
Құрама Штаттары	7,0	0,3%	2 504,3	0,5%
Германия	6,9	0,3%	1 632,7	0,3%
Чех Республикасы	4,8	0,2%	1 483,5	0,3%
Басқалары	182,5	7,3%	44 054,9	8,7%
Жалпы жиынтығы	2 497,3	100,0%	504 349,1	100,0%

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ААЖ АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

Қазақстан аумағында ақша аударымдары жүйесі арқылы жүргізілген транзакциялар көлемі 23,4 млрд. теңге (жылпы көлемінен 4,2%) сомаға 0,2 млн. транзакция (жалпы санынан 6,9%) болды.


Қазақстан бойынша ААЖ арқылы жүргізілген ақша аударымдарының көлемі, млрд. теңге



Олардың ішінде 23 387,3 млн. теңге сомаға жасалған аударымдар ақысыз аударымдар, 0,4 млн. теңге – емделуге арналған аударымдар, 1,3 млн. теңге – білім алуға аударымдар.

Ел ішінде жеке тұлғалар аударымдарының орташа сомасы 104,8 мың теңгені құрады.

Өтеусіз аударымдардың көлемі мен санының серпіні



Қазақстан аумағында ақша аудару кезінде халық негізінен Faster, Western Union және Золотая Корона сиықты жүйелерге басымдық береді.

Ақша аударымдар жүйелері	Саны мың транзакция	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млн. теңге	Жалпы сомасынан үлесі, %-бен
Faster	73,4	32,9%	6 288,5	26,9%
Western Union	19,2	8,6%	6 288,2	26,9%
Золотая корона	19,1	8,5%	5 539,0	23,7%
Блиц	10,5	4,7%	1 613,0	6,9%
Пошта аударымдары	95,7	42,9%	1 444,9	6,2%
Contact	1,4	0,6%	847,2	3,6%
Юнистрим	1,9	0,9%	674,3	2,9%
Банк шотын ашусыз тез жасалатын ақша аударымдары	1,9	0,9%	497,5	2,1%
Лидер	0,1	0,05%	197,9	0,8%
Жалпы қорытындысы	223,1	100,0%	23 390,4	100,0%

Faster жүйесі бойынша 2017 жылы Қазақстанның аумағында транзакциялардың жалпы санынан 32,9% және транзакциялардың жалпы сомасынан 26,9% жүргізілді.

Faster, Western Union және Золотая Корона жүйелері бойынша аударымдар

2015 жыл


Ақша аударымдар жүйелері	Саны мың транзакция	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млн. теңге	Жалпы сомасынан үлесі, %-бен
Faster	94,1	15,2%	6 572,9	13,2%
Western Union	56,2	9,1%	8 975,7	18,1%
Золотая корона	100,0	16,1%	16 542,9	33,3%

2016 жыл

Ақша аударымдар жүйелері	Саны мың транзакция	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млн. теңге	Жалпы сомасынан үлесі, %-бен
Faster	83,0	36,0%	6 857,1	29,7%
Western Union	19,5	8,4%	5 099,1	22,1%
Золотая корона	15,2	6,6%	3 674,2	15,9%

ШЕТЕЛДЕН ААЖ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

■ 2017 жылы шетелден ақша аударымдары жүйелері арқылы алынған ақша аударымдарының көлемі 309,4 млрд. теңгеге 1,4 млн. транзакция болды.



Шетелден алынған ақша аударымдарының үлесі АҚШ долларымен - 52% және Ресей рублімен - 40% жүргізілді.


2017 жылы транзакциялардың жалпы сомасынан транзакциялардың негізгі ағыны Ресей Федерациясы – 56,1%, Корея – 8,4%, Қырғызстан – 6,9%, Өзбекстан – 5,1%, Құрама Штаттары – 3,2% сияқты елдерден келіп түсті.

Қазақстанға аударым жіберілген ел	Саны мың транзакция	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млн. теңге	Жалпы сомасынан үлесі, %-бен
Ресей Федерациясы	788,4	57,2%	173 508,9	56,1%
Корея, Республика	67,2	4,9%	25 880,1	8,4%
Қырғызстан	48,0	3,5%	21 248,4	6,9%
Өзбекстан	40,7	3,0%	15 665,2	5,1%

Құрама Штаттар	60,9	4,4%	9 770,1	3,2%
Германия	89,7	6,5%	8 530,6	2,8%
Түркия	41,9	3,0%	5 904,8	1,9%
Тәжікстан	12,8	0,9%	3 673,9	1,2%
Біріккен Араб Әмірліктері	16,2	1,2%	3 185,4	1,0%
Қытай	4,7	0,3%	3 040,6	1,0%
Украина	17,6	1,3%	1 932,2	0,6%
Әзірбайжан	9,7	0,7%	1 706,8	0,6%
Түркменстан	12,4	0,9%	1 639,0	0,5%
Беларусь	6,7	0,5%	1 540,8	0,5%
Грузия	5,8	0,4%	1 500,1	0,5%
Басқалары	156,0	11,3%	30 649,8	9,9%
Жалпы қорытындысы	1 378,8	100,0%	309 376,7	100,0%

Елге алынған ақша аударымдарының көлемі елден жөнелтілген ақша аударымдарының көлеміне қарағанда 195,0 млрд. теңгеге аз. ААЖ бойынша ақша аударымдарын негізгі алушы елдер ТМД елдері (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан), ал Қазақстанға ақша аударымдары келіп түскен елдер Ресей, Корея, Қырғызстан) болып табылды.

2017 жылы валюталар бойынша ақша аударымдарының жүйесі арқылы жіберілген транзакциялардың жалпы көлеміндегі ақша аударымдарының көп бөлігін АҚШ доллары мен Ресей рублі құрады.





Ақша аударымдарының жүйелері бойынша ақша аударымдарының ағындары тікелей халықтың белсенділігіне байланысты болмақ. Ақша аударымдарының жүйелері арасындағы бәсекелестік ақшаны одан әрі жөнелту үшін халықтың жүйені өз бетінше таңдауына мүмкіндік береді. Қаржы нарығында ақша аударымдарының жүйелері арқылы ақша аударымы бойынша қызметтер ыңғайлы, сенімді әрі заман талабына сай болып қалуда, бұл әр жылда жөнелтілген және алынған транзакциялардың көлемі бойынша көрсеткіштердің өсуімен расталады.

6-БӨЛІМ. ТІКЕЛей КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТТАР БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР

Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өздерінің арасында ашылған тікелей корреспонденттік шоттар арқылы да төлемдер жүргізе алады. Тікелей корреспонденттік қатынастар банктер, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдар арасында корреспонденттік шот шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген банктік қызметтерді көрсетуге байланысты операцияларды жасау мақсатында олардың арасында корреспонденттік шоттар ашу кезінде туындайтын шарттық қатынастарды білдіреді.

Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша (Қазақстан бойынша, сол сияқты шетелге жіберілген) төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемі **2017 жылы 206,1 трлн. теңге сомасына 12,4 млн. транзакцияны** құрады.

Банктер арасындағы корреспонденттік қатынастар жүйелері арқылы төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемі




Қазақстанның аумағында корреспонденттік шоттар арқылы жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдарының көлемі **19,9 трлн. теңге сомасына 9,3 млн. транзакция болды.**

Қазақстан бойынша корреспонденттік шоттар арқылы жүргізілетін төлемдер мен ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ

долларына (42,4%) және теңгеге (54,9%) тиесілі.


Қазақстан бойынша жөнелтілген төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы сомасынан алынатын үлес



■ KZT ■ USD ■ TJS ■ RUB ■ Басқалары

Қазақстан бойынша тікелей корреспонденттік шоттар арқылы негізінен депозиттермен операциялар және банктер мен олардың клиенттерінің меншікті қаражат аударымдары (үлесі 29,2%), сондай-ақ ерекше аударымдар (үлесі 27,2%) бойынша төлемдер жүргізіледі.

Қазақстан бойынша корреспонденттік шоттар бойынша төлемдерді тағайындау түрлері бойынша төлемдер мен ақша аударымдарының көлемдері



Сонымен қоса, корреспонденттік қатынастар жүйесі контрагенттердің қаржылық сенімділік тәуекелдерімен байланысты болды. Осыған байланысты тәуекелдерді басқару мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі банктер мен банктік емес ұйымдар үшін **ұлттық валютада резидент қаржы ұйымдары** арасында жүргізілетін төлемдердің ай сайынғы көлеміне лимит белгіледі. Бұл лимиттің мөлшері банктің немесе банктік емес ұйымның Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері арқылы алдыңғы айдағы төлемдерінің жалпы көлемінің 5%-ын құрайды.

Резидент банктер арасында ашылған теңгедегі тікелей корреспонденттік шоттар арқылы банктер жүзеге асырған төлемдер мен ақша аударымдарының көлемдері 2016 жылы 2,8 трлн. теңгені құрады. Бұл ретте корреспонденттік қатынастардың қатысушы банктерінің лимитті пайдалану коэффициенті 2016 жылы тек 25,5% болды (2015 жылы аталған көрсеткіш 36,7%-ды құрады).

Лимитті пайдалану кестесі


Тоқсан	2016 жыл			2017 жыл		
	Резиденттер арасында ТКШ арқылы теңгедегі төлемдер сомасы (млрд. теңге)	Лимит сомасы (млрд. теңге)	Лимитті пайдалану коэффициенті	Резиденттер арасында ТКШ арқылы теңгедегі төлемдер сомасы (млрд. теңге)	Лимит сомасы (млрд. теңге)	Лимитті пайдалану коэффициенті
I тоқсан	423,9	2 605,9	17,4%	976,8	3 180,2	30,7%
II тоқсан	628,4	2 900,4	23,0%	993,7	2 700,1	36,8%
III тоқсан	780,6	4 763,2	22,6%	1 140,6	3 255,3	35%

IV тоқсан	948,9	2 427,0	39,1%	1 240,2	3 320,0	37,4%
Жалпы жиыны	2 781,9	12 539,2	25,5%	4 351,3	12 455,7	34,9%

Шетелге корреспонденттік шоттар арқылы **186,2 трлн. теңге** сомасына **3,0 млн. транзакция** жөнелтілді.

Шетелге корреспонденттік шоттар арқылы шетелге жөнелтілген төлемдер мен ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларына (79,8%) тиесілі болады.

Шетелге жөнелтілген төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы сомасының үлесі



Корреспонденттік шоттар арқылы ақша аударымдарының негізгі ағыны АҚШ-тан (60,14%) жөнелтілді.

Ақша аударымы жөнелтілген елдер

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы санының үлесі, %-бен	Сомасы (млрд. теңге)	Жалпы сомасының үлесі, %-бен
Құрама Штаттар	193,5	6,74%	121 166,4	60,1%
Ресей Федерациясы	1 603,6	55,8%	20 164,0	10,0%
Біріккен Корольдік	76,3	2,7%	9 870,4	4,9%
Германия	82,8	2,9%	4 338,6	2,2%
Басқалары	915,7	31,9%	45 929,7	22,8%
Жиынтығы	2 871,8	100%	201 469,3	100%

Бұл ретте шетелге тікелей корреспонденттік шоттар арқылы негізінен депозиттермен және банктер мен олардың клиенттерінің меншікті қаражаттарының аударымдарымен операциялар бойынша төлемдер (үлесі 55,7%), сондай-ақ шетел валютасымен және бағалы металдармен операциялар бойынша төлемдер (үлесі 27,4%) жөнелтіледі.

7-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде 2017 жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде төлем ұйымдарын есептік тіркеу жүзеге асырылады.


2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары бойынша **31 төлем ұйымы** есептік тіркеуден өтті және Ұлттық Банктің төлем ұйымдарының тізіліміне енгізілді.

Төлем ұйымдары төлем қызметтерінің мына түрлерін:

- төлем терминалдары арқылы қолма-қол ақшаны қабылдау қызметін;
- электрондық ақша саласындағы қызметті: электрондық ақшаны пайдалана отырып, операцияларды іске асыру және өңдеу қызметтерін;
- интернет және мобильдік қосымша көмегімен операцияларды қабылдау және өңдеу бойынша қызмет көрсетеді.

2017 жылы төлем ұйымдарының сервистері арқылы клиенттер жүргізген операциялардың көлемі **732,5 млрд. теңге¹³ сомасына 346,7 млн. операцияны** құрады.

Ең көп үлес (жалпы соманың 80,4%-ы) төлем терминалдары арқылы банк шотын ашпастан төлемдерді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша төлемдердің көлеміне тиесілі.



Төлем ұйымдарының арналары арқылы жүргізілген төлемдердің негізгі түрлері	
төлем мақсаты:	осы топ төлемдерінің жалпы көлемінің үлесі
мобильдік байланыс операторларының қызметтеріне ақы төлеу	71,6%
коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	10,2%
өзге де қызметтерге ақы төлеу	14,1%
тауарларға ақы төлеу	2,2%
ақша аударымдары (банк шотына)	0,7%
қолма-қол ақша тәсілімен банк шотын толықтыру	0,5%
«Қазақтелеком» АҚ қызметтеріне ақы төлеу	0,4%
кабельдік телевидениеге ақы төлеу	0,3%

¹³ Электрондық ақша мен төлем карточкаларын қолдану және тарату қызметтерін қоспағанда.

Халықтан төлемдерді қабылдау үшін пайдаланылатын және төлем ұйымдарының өздеріне, сол сияқты олардың агенттеріне тиесілі төлем терминалдарының желісі 60 мыңнан астам бірлікті құрайды.